

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС
ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

БЕКІТЕМІН

Басқарма төрағасы –

ректор, профессор

М. Төлеген

2023 ж.

Басқарма отырысының

хаттамасы

2023 № 9



**ТЕРРОРЛЫҚ АКТІСІН ЖАСАУ ҚАУПІ ТӨНГЕН КЕЗДЕГІ ІС-
ҚИМЫЛДАРДЫ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫСТЫ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ**

ЖҰМЫС НҰСҚАУЛЫҒЫ

ШҚУ ЖН 001-23

Екінші басылым

Көшірме № _____

Енгізу күні _____

Өскемен қаласы

2023 ж.

2023 жылғы 11 мамыр №09

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ЖН ШҚУ 01-20	15 беттің 2 беті

Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Нормативті сілтемелер.....	3
3	Қысқартулар мен түсініктемелер	3
4	Терминдер мен анықтамалар	4
5	Террористік тұрғыдан осал объектілер басшыларының немесе өзге де лауазымды тұлғалардың міндеттері	5
6	Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыру	6
7	Басшылар мен персоналға терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қаупі жағдайындағы іс-қимылдарға, оның зардаптарынан қорғау тәсілдеріне, университет объектілерінен қауіпсіз және уақтылы эвакуациялауға арналған нұсқаулық	7
8	Өзгерістер.....	10
9	Келісу, сақтау және тарату	11

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ЖН ШҚУ 01-20	15 беттің 3 беті

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулық (ары қарай - Нұсқаулық) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ (ары қарай - Университет) төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдары және болатын іс-шараларды өткізу үрдісіндегі жағдайда, адамдар денсаулығы мен өмірін сақтау бағытында, мүмкіндігінше террорлық актілердің аз болу сипатында, құқық қорғау органдарының қылмыстық акцияларды тергеуге болысу және де жағдайды қамтамасыз ету үшін әзірленді.

1.2 Осы Нұсқаулық бойынша өткізілетін барлық іс-шараларды Жоғары мектеп декандары, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімшелердің басшылары бақылайды.

1.3 Осы жұмыс нұсқаулығын университеттің барлық білім алушылары, ПОҚ және қызметкерлері орындауға міндетті.

2 Нормативті сілтемелер

2.1 Осы нұсқаулықта келесі нормативті құжаттамаларға сәйкес пайдаланылды:

2.1.1 1999 жылғы 13 шілдедегі №416-І «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР-ның Заңы;

2.1.2 «Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға қойылатын талаптар» ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 қаулысы;

3 Белгілер мен қысқартулар

Университет – «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ЖН – жұмыс нұсқаулығы;

ШҚУ ҚР – Шығыс Қазақстан университеттің құжатталған рәсімі;

СІҚЕЖЖБӨ – сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

СХЫЖАБ – стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

ҚҚжББ – құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

ҚБЖ – құрылымдық бөлімнің жетекшісі;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ЖН ШҚУ 01-20	15 беттің 4 беті

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы;

АҚ – азаматтық қорғаныс;

ТЖ – төтенше жағдайлар.

4 Терминдер мен анықтамалар

4.1 Осы нұсқаулықта нормативті құжаттамаларға сәйкес келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

Адамдар көп жиналатын объектілер – сауда алаңы 500 және одан да көп шаршы метр болатын сауда объектілері, 100 және одан да көп отыратын орны бар қоғамдық тамақтану объектілері; көп адамдардың келуіне арналған немесе дайындалған, бір мезгілде 200 және одан да көп адамның болу мүмкіндігі бар, өздеріне жапсарлас ашық аумақты қоса алғанда, концерт залдары, спорт, ойын-сауық, көлік және өзге де көпшілік ғимараттары, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, туристерді орналастыру орындары;

Терроризм – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы;

Терроризм актісі – адамдардың қаза табу қаупін төндіру, едәуір мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де салдарлардың туындау қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер жасау немесе жасаймын деп қорқыту, егер бұл іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не ҚР мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына әсер ету мақсатында жасалса, сондай-ақ нақ сол мақсаттарда адам өміріне қастандық жасау, сол сияқты мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында оның өміріне қастандық жасау;

Террористік тұрғыдан осал объектілер – аса маңызды мемлекеттік, стратегиялық объектілер және стратегиялық маңызы бар экономика салаларының объектілері, қауіпті өндірістік объектілер, адамдар көп жиналатын объектілер, олардың тізбесін және оларға қойылатын тиісті талаптарды ҚР-ның Үкіметі айқындайды.

Өткізу режимі – адамдардың санкциясыз кіруі (шығуы), көлік құралдарының кіруі (шығуы), мүлікті кіргізу (шығару), әкелу (әкету)

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ЖН ШҚУ 01-20	15 беттің 5 беті

мүмкіндігін жоққа шығаратын, белгіленген тәртіпті регламенттейтін қағидалар жиынтығы.

Терроризмге қарсы қорғалу паспорты – объект туралы жалпы және инженерлік-техникалық мәліметтер қамтылатын, оның терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін көрсететін және террористік тұрғыдан осал объектідегі терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, барынша азайту және (немесе) салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға арналған акпараттық-анықтамалық құжат.

Оқу (профилактикалық) іс-шаралары – персонал мен күзетті оқытудың алғашқы ден қою дағдыларын дарыту мақсатында нұсқамалар мен сабақтар түрінде жүзеге асырылатын алдын ала тәсілдері.

5 Террористік тұрғыдан осал объектілер басшыларының немесе өзге де лауазымды тұлғалардың міндеттері

5.1 Университеттің басшылары немесе өзге де лауазымды тұлғалары олардың терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында мынадай іс-шараларды іске асыруға міндетті:

- тиісті өткізу режимін, университет объектілеріне қойылатын талаптарға сәйкес оларды қазіргі заманғы инженерлік-техникалық күзет жабдықтарымен жарақтауды қамтамасыз ету;

- үлгілік паспорттың негізінде – террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуы паспортын әзірлеу;

- университеттің ПОҚ-мен, қызметкерлерімен және білім алушыларымен олардың терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыру;

- уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтармен терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісі салдарынан туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша бірлескен іс-қимылдарды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде қатысу жөніндегі іс-шараларды іске асыруға міндетті.

Терроризм актісі жасалған жағдайда университет объектілерінің басшылары немесе өзге де лауазымды тұлғалары террористік тұрғыдан жасалған терроризм актісі туралы ҚР-ның ұлттық қауіпсіздік органдарына немесе ішкі істер органдарына дереу хабарлауға және персоналды эвакуациялауды қамтамасыз етуге міндетті.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ЖН ШҚУ 01-20	15 беттің 6 беті

5.2 Тиісті іс-шараларды іске асыру мақсатында террористік тұрғыдан осал объектілердің басшылары немесе өзге де лауазымды тұлғалары қажетті қаржыландыруды көздеуге міндетті.

5.3 Террористік тұрғыдан осал объектілердің басшыларының немесе өзге де лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ террористік тұрғыдан осал объектілер бойынша күзет қызметтерін көрсету туралы шарттар жасасқан күзет қызметі субъектілерінің міндеттерді орындамауы ҚР-ның заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

6 Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыру

6.1 Профилактикалық және оқу іс-шаралары нұсқаулықтар, сабақтар (практикалық және теориялық) түрінде өткізіледі:

- университеттің басшы құрамдарымен, ПОҚ, қызметкерлерімен және білім алушыларымен;
- террористік тұрғыдан осал объектілер бойынша күзет бөлімінің қызметкерлерімен.

6.2 Оқу іс – шараларын университетің жоғары мектеп декандары, кафедра меңгерушілері, жоғары колледж директоры, құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері, ПОҚ, қызметкерлер және білім алушылармен, ал күзет бөлімінің басшысы объектіні қорғауға тартылатын қызметкерлермен ұйымдастырады.

6.3 Оқу-жаттығу іс-шаралары персоналды терроризм актісі (актілері) жасалған немесе оның жасалу қаупі болған жағдайлардағы іс-қимылға, оның салдарынан қорғау тәсілдеріне, келушілер мен персоналды объектіден қауіпсіз әрі уақтылы эвакуациялауға оқытуды қамтамасыз етеді.

6.4 Өткізу режимін ұйымдастыруға жауапты күзет қызметкерлерге терроризмге қарсы қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану дағдыларын игеру және (немесе) жетілдіру, үй-жайларды қарап-тексеру техникасы, жарылғыш құрылғылардың ықтимал орнатылу орындарын анықтау бойынша қосымша сабақтар өткізіледі.

6.5 Сипаты мен уақыты жағынан нұсқама жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді. Нұсқама кезінде персоналға терроризм актісі туындаған жағдайдағы іс-әрекет алгоритмі, оның салдарын азайту және жою тәсілдері жеткізіледі.

Нұсқамалар мен сабақтар өткізу туралы терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын есепке алу журналына жазба жүргізіледі.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ЖН ШҚУ 01-20	15 беттің 7 беті

7 Басшылар мен персоналға терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қаупі жағдайындағы іс-қимылдарға, оның зардаптарынан қорғау тәсілдеріне, университет объектілерінен қауіпсіз және уақтылы эвакуациялауға арналған нұсқаулық

7.1 Жарылу қондырғысына ұқсас күдікті затты тауып алған кездегі нұсқаулық:

- орын алған жағдайлар бойынша құрылымдық бөлімшенің тікелей басшысы нұсқауымен немесе өз еркіңізбен құтқару қызметінің «112» немесе полицияның «102» нөмерлері арқылы нысан атауы, мекен-жайын және табылған заттың уақытын көрсете отырып хабарлаңыз;

- табылған күдікті затқа тиіспеу, жақындамау, орнынан қозғамау! Затқа жақын жерде шылым тартпау, радио, соның ішінде ұтқыр байланысты пайдаланудан тартыну;

- қауіпті аумақты радиусы кем дегенде 100 метрге дейінгі жерді адамдардан босату;

- құқық қорғау органдарының өкілі келгенге дейін күту, күдікті зат жатқан жерді, ол табылған уақыт пен жағдайды көрсету;

- күдікті затқа және қауіпті аумаққа мүмкіндігінше күзетті қамтамасыз ету;

- дүрбелең тудырмау. Қауіпті аумаққа жанасып тұрған жерлерден адамдарды көшіруді қамтамасыз ету (көмекті қамтамасыз ету);

- бұдан әрі қарай құқық қорғау органы өкілінің нұсқауы бойынша әрекет ету;

- жарылыс қаупі туралы дүрбелеңге жол бермеу үшін оны білуге тиісті адамдардан басқа ешкімге хабарламау;

- объектіге тексеру жүргізу, қызметшілердің қажетті санын білу және оларға өзін-өзі ұстау тәртібі туралы (неге назар аудару керектігі және қауіпті зат табылған немесе қауіп төнген кезде қалайша іс-әрекет ету туралы) ақыл-кеңес беру үшін, жұмысшылардың қажетті санын бөлу;

- объект қызметшілеріне бөгде адамдардан қандай да бір зат пен бұйымды сақтауға қабылдауға тиым салынғандығы туралы ескертіп отыру;

- жарылыс қондырғысына ұқсас заттың сыртқы түрін суреттеуге дайын болу;

- зат көп адамдар жүруі мүмкін жерлердегі қалтарыстарда, жарылыс және өрт қаупі бар орындарда, әртүрлі коммуникация орналасқан жерде: сөмке, орам, пакет және т.б. түрінде жатуы мүмкін. Ол сыртқы түрі бойынша жарылыс қондырғысына (гранат, мина, снаряд және т.б.) ұқсас болуы мүмкін; және

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ЖН ШҚУ 01-20	15 беттің 8 беті

өткізгіш жіп, арқан, изоолента, жабысқыш түрінде жатуы мүмкін; сағаттың шықылдауы, механикалық гүріл, өзге дыбыстар естілуі; бадамның немесе өзге таныс емес иістің шығуы мүмкін;

– күдікті затты күзеткен кезде мүмкіндігінше қорғауды қамтамасыз ететін заттар (ғимараттың бұрыштары, дінгек, жуан ағаш, автомашина және т.б.) тасасында тұрып, бақылау жүргізу қажет.

7.2 Телефон қоңырауы арқылы лаңкестік қаупі төнген кездегі нұсқаулық:

– қоңырау соғып тұрған адамды тыңдап, оның сөйлеу ерекшеліктерін бақылап және естілетін шуды тыңдап, нақты ақпарат алғанша, оның кім екенін және ниетін, ойын анықтағанша мүмкіндігінше әңгімелесіп қоңырауды созуға тырысу керек;

– сөйлесіп болғаннан кейін жасырын телефон қоңырауы түскен уақытты сақтап қалу үшін, тұтқаны телефон аппаратының қасына 10-15 минутқа қойыңыз;

– жасырын хабарламаның мазмұны, уақыты, қоңырау түскен телефон және жасырын қоңырау шалған адаммен сөйлескен тұлға көрсетіліп, бұл факт туралы басқа телефон аппаратынан (тым болмаса жасырын телефон қоңырауы түскен телефоннан) кезекші қызметтерге хабарлаңыз;

– орын алған жағдайлар бойынша құрылымдық бөлімшенің тікелей басшының нұсқауымен немесе өз еркінізбен құтқару қызметінің «112» немесе полицияның «102» нөмерлері арқылы нысан атауы, мекен-жайын және табылған заттың уақытын көрсете отырып хабарлаңыз;

– содан кейін құқық қорғау органының қызметкерлері келгенше, ғимараттың ішіндегі тұлғаларды эвакуациялау бойынша шаралар қолданады. Сонымен қатар эвакуацияланған тұлғаларға Азаматтық қорғаныс бойынша жоспардан тыс жаттығулардың өткізілуі туралы ақпарат жеткізеді. Эвакуациялау кезінде эвакуацияланғандардың ішінде жарылғыш құрылғысы салынғандығы жөнінде айтқан тұлғаларға көңіл аударылады.

– құқық қорғау органының қызметкерлері келген кезде оларға жасырын хабарламаның авторын анықтауға көмек көрсетеді.

7.3 Лаңкестік сипаттағы қаупі бар жазбаша түрде хабар түскен кездегі нұсқаулық:

Ұйымға жазбаша түрдегі қауіп почта арнасы арқылы, сондай-ақ әртүрлі жалған материалды анықтау нәтижесінде (хат, жазба, дискке жазған ақпарат және т.б.) түсуі мүмкін.

Ескерту (алдын алу) шаралары:

– жазбаша түскен бүкіл өнімді экспедиция мен секретариатта (хатшылар) мұқият тексеру, магнитті таспаларды тыңдау, дискеттерді қарауы тиіс;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ЖН ШҚУ 01-20	15 беттің 9 беті

– бандерольдерге, сәлемдемелерге, ірі орамдарға, қаптама орамдарға, оның ішінде жарнама проспектілеріне ерекше назар аудару қажет.

– тексеріс мақсаты - лаңкестік акті қаупі туралы ықтимал хабарды байқаусызда жіберіп алмау.

Күдік туғызуға тиіс хаттар (бандерольдер) белгілері:

- кездейсоқ хат - хабар;
- кері мекен-жайы жоқ, мекен-жайы қате, мекен-жайды жазудағы дәлсіздік, баратын жер қате көрсетілген;
- салмағы, көлемі, түрі бойынша стандартқа сай емес, бүйірлері тегіс емес, жабысқақ таспамен желімделген;
- «жеке» және «құпия» үлгісіндегі шектеулер;
- тосын иісі, түсі бар, конверттерде почта жолдамаларына тән емес заттар білінеді (ұнтақ және т.б.);
- тиісті маркалары немесе почта бөлімшелерінің мөртабаны жоқ.

7.4 Объектіде террористік акт жасаған кездегі нұсқаулық:

Жарылғыш құрылғы жарылған кезде:

- оқиға туралы құқық қорғау органдарына, ТЖ бойынша авариялық-құтқару қызметтеріне дереу хабарлаңыз, жедел жәрдем шақырыңыз;
- адамдарды құтқару, оларды қауіпті аймақтан шығару, зардап шеккендерге көмек көрсету және оларды емдеу мекемелеріне жіберу үшін шаралар қабылдаңыз;
- бөгде адамдарды оқиға орнына жібермеңіз;
- адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін заттар табылған жағдайда, адамдардың зақымдану мүмкіндігін болдырмайтын қашықтықта қауіпті аймақты қоршауға алу, аталған аймаққа бөгде адамдар мен көліктің кіруіне жол бермеу шараларын қолданыңыз;
- құқық қорғау органдарының, авариялық-құтқару қызметтерінің өкілдері келгеннен кейін оларды қалыптасқан жағдай туралы хабардар етіңіз, оқиға орнына қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етіңіз, әрі қарай олардың нұсқаулары бойынша әрекет етіңіз.

Арнайы қызметтер кепілге алынғандарды босату жөніндегі операцияны жүргізу кезінде:

- мынадай талаптарды мүлтіксіз сақтаңыз: еден терезелер мен есіктерден төмен қаратып, терезе мен есік саңылауларынан түзу сызықта емес, басыңызды қолыңызбен жауып, қозғалмаңыз;
- шабуыл кезінде қылмыскерлер көбінесе кепілге алынғандардың арасында жасырынуға тырысады, сондықтан шабуыл кезінде қылмыскерлердің қаруын алмаңыз;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ЖН ШҚУ 01-20	15 беттің 10 беті

- ешбір жағдайда арнайы қызмет қызметкерлерімен кездесуге немесе олардан қашпаңыз, өйткені сізді қылмыскерлер деп қателесуге болады;
- мүмкіндік болса, террористерден, сондай-ақ есіктер мен терезелердің саңылауларынан аулақ болыңыз;
- егер қылмыскерлер кепілге алынған адамдарды өздерімен бірге алып кетсе, полиция қызметкерлері барлығына қолдарын бастарынан ұстауға бұйрық береді. Бұған ренжімеу керек, кенеттен қозғалыстар жасау керек.

Сәйкестендіру процедурасы өткенге дейін сақтық шаралары қажет.

7.5 Эвакуация туралы ақпарат алған кездегі нұсқаулық:

Егер эвакуация туралы хабарлама оқу орнында (жұмыс орнында) болған кезде түскен болса:

- оқулықтар мен қажетті керек-жарақтарды, құжаттарды, ақша мен құндылықтарды сөмкеге тез жинап, киініңіз;
- қамауда қалғандарға, құрдастарына (әріптестеріне) көмектесу;
- оқытушымен (әкімшілік өкілімен) бірге көшеге шығуды ұйымдастыру;
- ғимараттан алыс болыңыз;
- шашырамаңыз, жауапты адамдардың рұқсатынсыз ешқайда кетпеңіз, әрдайым көзге көріңіз, өз сыныбыңызды (оқу тобын, қызметкерлерді) ұстаныңыз, өйткені ұжым мүшелерінің ешқайсысының белгісіз болмауы жаппай дүрбелен тудыруы мүмкін;
- эвакуация туралы хабарламаны алған кезде ғимаратта болған адамдар қатарынан болмаған жағдайда, бұл туралы дереу полиция қызметкерлеріне және университет әкімшілігіне хабарлаңыз.

8 Өзгерістер

8.1 ЖН-на өзгерістер мен толықтырулар енгізу СІҚЕЖЖБӨ-нің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама құжат түрінде оның қолы қойылып ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы ЖН орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ ҚР 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген ЖН-на өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды тек әзірлеуші жүргізеді. ЖН-на өзгерістерді ҚБЖ өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып енгізеді.

8.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін ҚБЖ, ҚҚжББ және СХБЖАБ жауапты болады.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ЖН ШҚУ 01-20	15 беттің 11 беті

8.3 ЖН-н тексеру кезеңділігі туралы бақылау парағына міндетті түрде жазбаны енгізумен үш жылда бір реттен кем емес ҚБЖ-мен қайта қаралады.

8.4 ЖН-на өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылуы мүмкін:

- нормативтік құжаттарға жаңадан өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заң күші бар құқықтық актілер;
- басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
- СІҚЕЖЖБӨ-нің рұқсатымен өзгерістер енгізу себептері көрсетілген ҚБЖ-нің қызметтік жазбасы.

8.5 Бөлімшенің атауы өзгерген кезде ЖН ауыстырылуы тиіс.

8.6 Ауыстырылған жағдайда университетте күші жойылған ЖН-ның барлық даналары алынып, жаңасына ауыстырылуы тиіс.

8.7 ЖН-ның ескіргендерін ауыстыру және алып тастау үшін ҚБЖ, ҚҚжББ және СХБжАБ жауапты болады.

8.8 Күші жойылған ЖН күшін жою үшін негіздемесін, күнін, «Күшін жойды» деген жазуды жасаған адамның қолын көрсете отырып, «Күші жойылды» деген жазумен белгіленеді және мұрағатқа орналастырылады. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды.

9 Келісу, сақтау және тарату

9.1 ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес ЖН-н келісуді ҚБЖ жүзеге асырады.

9.2 ЖН-н ҚБЖ әзірлейді.

ЖН мыналармен келісіледі:

- ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;
- инновациялық даму және коммерцияландыру департаментінің директорымен;
- құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісімен;
- персонал және құқықтық қолдау басқармасының жетекшісімен;
- комплеанс-офицермен;
- заңгер-кеңесшімен.

9.3 ЖН басқарма төрағасы-ректормен бекітіледі және ол жойылғанға дейін әрекет етеді.

9.4 ЖН-ның түпнұсқасы ҚҚжББ-нде сақталады, оның сақталуына ҚҚжББ-нің жетекшісі жауапты болады.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру уақыты 2026 ж.
	Террорлық актісін жасау қаупі төнген кездегі іс-қимылдарды және терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс нұсқаулығы	ЖН ШҚУ 01-20	15 беттің 12 беті

9.5 Құрылымдық бөлімшенің барлық қызметкерлерінің ЖН-ның мазмұнымен жеке танысқаны үшін ЖН-ның түпнұсқасымен танысу парағына қол қойғызып, осы ЖН-ның мазмұнымен міндетті түрде танысқаны туралы хабарлау жолымен жаңа қызметкерді университетке жұмысқа қабылдау кезінде КБЖ жауапты болады.

9.6 Есепке алынған ЖН-ның даналарын таратуды ҚҚЕЖББ жүзеге асырады.

9.7 ЖН-ның есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін жауапкершілік ҚБЖ-не жүктеледі.

ӘЗІРЛЕДІ:

Азаматтық қорғау және еңбекті
қорғау штабының жетекшісі



Ж.Б. Жумажанов

КЕЛІСІЛДІ:

Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі
жөніндегі басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Инновациялық даму және
коммерцияландыру департаментінің
директоры



Н.Б. Алимбекова

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
бақылау бөлімінің жетекшісі



А.К. Чудобаева

Персонал және құқықтық
қолдау басқармасының жетекшісі



К.Р. Раисова

Комплеанс-офицер




Г.Т. Байркенова

Заңгер-кеңесші



Д.М. Раева



ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]